

**Талғар ауданындағы аз қамтылған отбасыларға (азаматтарға) тұрғын үй көмегін көрсетудің мөлшерін және тәртібін айқындау туралы**

## *Күшін жойған*

Алматы облысы Талғар аудандық мәслихатының 2015 жылғы 31 наурыздағы № 41-251 шешімі. Алматы облысы Әділет департаментінде 2015 жылды 30 сәуірде № 3152 болып тіркелді. Күші жойылды - Алматы облысы Талғар аудандық мәслихатының 2020 жылғы 23 сәуірдегі № 58-248 шешімімен

Ескеरту. Күші жойылды - Алматы облысы Талғар аудандық мәслихатының  
23.04.2020 № 58-248 шешімімен (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап  
қолданысқа енгізіледі).

## Р К А О е ск е р т п е с и .

Құжаттың мәтінінде тұпнұсқасының пунктуациясы мен орфографиясы сақталған.

"Тұрғын үй қатынастары туралы" 1997 жылғы 16 сәуірдегі Қазақстан Республикасы Заңының 97-бабының 2-тармағына, "Әлеуметтік тұрғыдан қорғалатын азаматтарға телекоммуникация қызметтерін көрсеткені үшін абоненттік төлемақы тарифінің көтерілуіне өтемақы төлеудің кейбір мәселелері туралы" 2009 жылғы 14 сәуірдегі № 512 Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысына, "Тұрғын үй көмегін көрсету ережесін бекіту туралы" 2009 жылғы 30 желтоқсандағы № 2314 Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысына, "Тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық саласындағы мемлекеттік көрсетілетін қызметтер стандарттарын бекіту туралы" 2014 жылғы 5 наурыздағы № 185 Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысына, "Тұрғын үй көмегін алуға, сондай-ақ мемлекеттік тұрғын үй қорынан тұрғын үйді немесе жеке тұрғын үй қорынан жергілікті атқарушы орган жалдаған тұрғын үйді алуға үміткер отбасының (заматтың) жиынтық табысын есептеу қағидасын бекіту туралы" 2011 жылғы 5 желтоқсандағы № 471 Қазақстан Республикасы Құрылымынан және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық істері агенттігі Төрағасының бұйрығына сәйкес, Талғар аудандық мәслихаты ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:

Талғар ауданындағы аз қамтылған отбасыларға (азаматтарға) тұрғын үй көмегін көрсетудің мөлшері және тәртібі қосымшаға сәйкес айқындалсын.

Талғар аудандық мәслихатының 2014 жылғы 5 тамыздағы "Талғар ауданындағы аз қамтылған отбасыларға (азаматтарға) тұрғын үй көмегін көрсетудің мөлшерін және тәртібін айқындау туралы" (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу Тізілімінде 2014 жылдың 11 қыркүйегінде № 2850

тіркелген, "Талғар" аудандық газетінде 2014 жылдың 19 қыркүйегінде № 39(4125 ) жарияланған) №34-194 шешімінің күші жойылды деп танылсын.

Осы шешімнің орындалуын бақылау Талғар аудандық мәслихатының "Халықты әлеуметтік қорғау, әлеуметтік инфрақұрылымды дамыту, еңбек, білім деңсаулық, мәдениет, тіл және спорт жөніндегі" тұрақты комиссиясына жүктелсін.

Талғар аудандық жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімінің басшысына (келісім бойынша Ж.С.Баисбаев) осы шешімді әділет органдарында мемлекеттік тіркелгеннен кейін ресми және мерзімді баспа басылымдарында, сондай-ақ Қазақстан Республикасының Үкіметі айқындаған интернет-ресурста және аудандық мәслихаттың интернет-ресурсында жариялау жүктелсін.

Осы шешім әділет органдарында мемлекеттік тіркелген құннен бастап күшіне енеді және алғашқы ресми жарияланған құннен кейін күнтізбелік он құн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Аудандық мәслихат

сессиясының төрағасы

Аудандық мәслихаттың хатшысы

А.Раханов

Д.Тебериков

Талғар аудандық мәслихатының 2015 жылғы 31 наурыздағы "Талғар ауданындағы аз қамтылған отбасыларға (азаматтарға) тұрғын үй көмегін көрсетудің мөлшерін және тәртібін айқындау туралы" № 41-251 шешіміне қосымша

## **Аз қамтылған отбасыларға (азаматтарға) тұрғын үй көмегін көрсетудің мөлшері және тәртібі**

Осы тұрғын үй көмегін көрсетудің мөлшері және тәртібі "Тұрғын үй қатынастары туралы" 1997 жылғы 16 сәуірдегі Қазақстан Республикасы Занының 97-бабының 2-тармағына, "Әлеуметтік тұрғыдан қорғалатын азаматтарға телекоммуникация қызметтерін көрсеткені үшін абоненттік төлемақы тарифінің көтерілуіне өтемақы төлеудің кейбір мәселелері туралы" 2009 жылғы 14 сәуірдегі № 512 Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысына, "Тұрғын үй көмегін көрсету ережесін бекіту туралы" 2009 жылғы 30 желтоқсандағы № 2314 Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысына, "Тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық саласындағы мемлекеттік көрсетілетін қызметтер стандарттарын бекіту туралы" 2014 жылғы 5 наурыздағы № 185 Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысына (бұдан әрі – стандарт), "Тұрғын үй көмегін алуға, сондай-ақ мемлекеттік тұрғын үй қорынан тұрғын үйді немесе жеке тұрғын үй қорынан жергілікті атқарушы орган жалдаған тұрғын үйді алуға үміткер отбасының (азаматтың) жиынтық табысын есептеу қағидасын бекіту туралы"

2011 жылғы 5 желтоқсандағы № 471 Қазақстан Республикасы Құрылышы және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық істері агенттігі Төрағасының бүйрығына сәйкес әзірленді және аз қамтылған отбасыларға (азаматтарға) тұрғын үй көмегін көрсетудің мөлшерін және тәртібін айқындайды.

## 1. Жалпы ереже

1. Осы тұрғын үй көмегін көрсетудің мөлшері және тәртібінде келесі негізгі  
Ұғымдар пайдаланды:

1) шекті жол берілетін шығыстар үлесі - телекоммуникация желісіне қосылған телефон үшін абоненттік төлемақының, жеке тұрғын үй қорынан жергілікті атқарушы орган жалдаған тұрғын үйді пайдаланған үшін жалға алу ақысының ұлғаюы бөлігінде отбасының (азаматтың) бір айда тұрғын үйді (тұрғын ғимаратты) күтіп-ұстауға, коммуналдық қызметтер мен байланыс қызметтерін тұтынуға жұмсалған шығыстарының шекті жол берілетін деңгейінің отбасының (азаматтың) орташа айлық жиынтық кірісіне пайызben қатынасы;

2) отбасының (азаматтың) жиынтық табысы - тұрғын үй көмегін тағайындауға өтініш білдірген тоқсанның алдындағы тоқсандағы отбасы (азамат) кірістерінің жалпы сомасы;

3) кондоминиум объектін басқару органды - кондоминиум объектін басқару жөніндегі функцияларды жүзеге асыратын жеке немесе заңды тұлға;

4) уәкілді орган - тұрғын үй көмегін тағайындауды жүзеге асыратын "Талғар аудандық жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі" мемлекеттік мекемесі;

5) халыққа қызмет көрсету орталығы - Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес "бір терезе" қағидаты бойынша мемлекеттік қызметтер көрсетуге өтініштер қабылдау және олардың нәтижелерін көрсетілетін қызметті алушыға беру жөніндегі жұмысты ұйымдастыруды жүзеге асыратын, сондай-ақ ақпараттық жүйelerден мәліметтер алу арқылы электрондық нысанда мемлекеттік қызметтер көрсетуді қамтамасыз ететін Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникация министрлігі Мемлекеттік қызметтерді автоматтандыруды бақылау және халыққа қызмет көрсету орталықтарының қызметін үйлестіру комитетінің "Халыққа қызмет көрсету орталығы" шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорны;

6) веб-портал - электрондық үкіметтің [www.egov.kz](http://www.egov.kz) веб-порталы - нормативтік құқықтық базаны қоса алғанда, бүкіл шоғырландырылған үкіметтік ақпаратқа және электрондық нысанда көрсетілетін мемлекеттік қызметтерге қол жеткізудің бірыңғай терезесі болатын ақпараттық жүйе;

7) тұрғын үйді (тұрғын ғимаратты) күтіп-ұстауға жұмсалатын шығыстар -

кondominium объектілерінің ортақ мұлкін пайдалануға және жөндеуге, жер участесін күтіп-ұстауға, коммуналдық қызметтерді тұтынуды есептеудің үйге ортақ құралдарын сатып алуға, орнатуға, пайдалануға және тексеруге жұмсалатын шығыстарға, kondominium объектілерінің ортақ мұлкін күтіп-ұстауға тұтынылған коммуналдық қызметтерді төлеуге жұмсалатын шығыстарға жалпы жиналыстың шешімімен белгіленген ай сайынғы жарналар арқылы төленетін үй-жайлардың (пәтерлердің) меншік иелері шығыстарының міндettі сомасы, сондай-ақ болашақта kondominium объектісінің ортақ мұлкін немесе оның жекелеген түрлерін күрделі жөндеуге ақша жинақтауға жұмсалатын жарналар;

8) аз қамтылған отбасылар (азаматтар) - Қазақстан Республикасының тұрғын үй заңнамасына сәйкес тұрғын үй көмегін алуға құқығы бар адамдар.

2. Тұрғын үй көмегі жергілікті бюджет қаражаты есебінен Талғар ауданында тұрақты тұратын аз қамтылған отбасыларға (азаматтарға):

1) жекешелендірілген тұрғынжайларда тұратын немесе мемлекеттік тұрғын үй қорындағы тұрғын үй-жайларды (пәтерлерді) жалдаушылар (қосымша жалдаушылар) болып табылатын отбасыларға (азаматтарға) kondominium объектісінің ортақ мұлкін күтіп-ұстауға жұмсалатын шығыстарды;

2) тұрғынжайдың меншік иелері немесе жалдаушылары (қосымша жалдаушылары) болып табылатын отбасыларға (азаматтарға) коммуналдық қызметтерді және телекоммуникация желісіне қосылған телефонға абоненттік ақының өсуі бөлігінде байланыс қызметтерін тұтынуына;

3) жергілікті атқарушы орган жеке тұрғын үй қорынан жалға алған тұрғынжайды пайдаланғаны үшін жалға алу ақысын төлеуге беріледі.

Аз қамтылған отбасылардың (азаматтардың) тұрғын үй көмегін есептеуге қабылданатын шығыстары жоғарыда көрсетілген бағыттардың әрқайсысы бойынша шығыстардың сомасы ретінде айқындалады.

3. Тұрғын үй көмегі телекоммуникация желісіне қосылған телефон үшін абоненттік төлемақының, жеке тұрғын үй қорынан жергілікті атқарушы орган жалдаған тұрғын үй-жайды пайдаланғаны үшін жалға алу ақысының ұлғаюы бөлігінде тұрғын үйді (тұрғын ғимаратты) күтіп-ұстауға арналған шығыстарға, коммуналдық қызметтер мен байланыс қызметтерін тұтынуға нормалар шегінде ақы төлеу сомасы мен отбасының (азаматтардың) осы мақсаттарға жұмсаған, жергілікті өкілді органдар белгіленген шығыстарының шекті жол берілетін деңгейінің арасындағы айырма ретінде айқындалады.

4. Аталған жерлерде тұрақты тұратын адамдарға тұрғын үйді (тұрғын ғимаратты) күтіп-ұстауға арналған ай сайынғы және нысаналы жарналардың мөлшерін айқындастын сметаға сәйкес, тұрғын үйді (тұрғын ғимаратты) күтіп-ұстауға арналған коммуналдық қызметтер көрсету ақысын төлеу,

жеткізушилдер ұсынған шоттар бойынша тұрғын үй көмегі бюджет қаражаты  
есебінен көрсетіледі.

5. Белгіленген нормалар шегіндегі шекті жол берілетін шығыстар үлесі  
отбасының жиынтық табысының он пайызы мөлшерінде белгіленеді.

**Тұрғын үй көмегі:**

1) мүгедектерді және стационарлық емделуде бір айдан астам уақыт кезеңінде болатын адамдарды, құндізгі оқу нысанында оқитын оқушыларды, студенттерді, тындаушыларды, курсанттар мен магистранттарды, сондай-ақ I және II топтағы мүгедектерді, сексен жастан асқан адамдарды, үш жасқа дейінгі балаларды бағып-кутумен айналысатын азаматтарды қоспағанда, жұмыспен қамту мәселелері жөніндегі уәкілетті органдарда тіркелмеген жұмыссыздарға және жұмыспен қамтуға жәрдемдесудің белсенді шараларына қатысадан жазбаша түрде бас тартқан Қазақстан Республикасының еңбекке жарамды азаматтарына;

2) уәкілетті органдар ұсынған жұмысқа, оның ішінде әлеуметтік жұмыс орнына немесе қоғамдық жұмысқа орналастырудан, кәсіби даярлаудан, қайта даярлаудан, біліктілігін арттырудан дәлелсіз себептермен бас тартқан, осындай жұмыстарға қатысады және оқуды өз бетінше тоқтатқан жұмыссыздарға тағайындалмайды.

## **2. Тұрғын үй көмегін көрсетудің мөлшері және тәртібі**

6. Тұрғын үй көмегін тағайындау үшін есептеу мерзімі өтінішімен қоса барлық қажетті құжаттарды өткізген жылдың тоқсаны болып саналады.

Жеке меншігінде бір бірліктен артық тұрғын үйі (пәтерлер, тұрғын үйлер) бар немесе тұрғынжайды жалға немесе пайдалануға беруші азаттылған отбасылар (азаматтар) тұрғын үй көмегін алу құқығын жоғалтады.

7. Тұрғын үй көмегін тағайындау үшін азамат (отбасы) халыққа қызмет көрсету орталықтарына немесе веб-порталға келесі құжаттарды ұсынады:

Халыққа қызмет көрсету орталығына:

стандарттың 1-қосымшасына сәйкес нысан бойынша өтініш; көрсетілетін қызметті алушының жеке басын күәландыратын құжат (түпнұсқа көрсетілетін қызметті алушының жеке басын сәйкестендіру үшін ұсынлады);

стандарттың 2-қосымшаның 1, 5, 6, 7-тармақтарында, 8-тармағының 2) тармақшасында және 10-тармағында көрсетілген отбасының табысын растайтын құжаттар;

тұрғын үйді (тұрғын ғимаратты) күтіп-ұстауға арналған ай сайынғы жарнаның мөлшері туралы шот;

коммуналдық қызметтерді тұтынуға арналған шот; телекоммуникация қызметтері үшін түбіртек-шот немесе байланыс

қызметтерін көрсетуге арналған шарттың көшірмесі;  
жеке тұрғын үй қорынан жергілікті атқарушы орган жалдаған тұрғын үйді  
пайдаланғаны үшін жергілікті атқарушы орган берген жалдау ақысының мөлшері  
т у р а л ы

ш о т .

В е б - п о р т а л ғ а :

көрсетілетін қызметті алушының электрондық-цифрлық қолтаңбасымен  
куәландырылған электрондық құжат нысанындағы сұрау салу;

2) стандарттың 2-қосымшасының 1, 5, 6, 7-тармақтарында, 8-тармағының 2)  
тармақшасында және 10-тармағында көрсетілген отбасының табысын растайтын  
құжаттардың электрондық көшірмелері;

3) тұрғын үйді (тұрғын ғимаратты) күтіп-ұстауға арналған ай сайынғы  
жарнаның мөлшері туралы шоттың электрондық көшірмесі;

4) коммуналдық қызметтерді тұтынуға арналған шоттың электрондық  
к ө ш і р м е с і ;

5) телекоммуникация қызметтері үшін тұбіртек-шоттың электрондық  
көшірмесі немесе байланыс қызметтерін көрсетуге арналған шарттың көшірмесі;

6) жеке тұрғын үй қорынан жергілікті атқарушы орган жалдаған тұрғын үйді  
пайдаланғаны үшін жергілікті атқарушы орган берген жалдау ақысының мөлшері  
туралы шоттың электрондық көшірмесі.

8. Отініштер Қазақстан Республикасының заңнамаларында белгіленген  
мерзімдерде қаралады және мемлекеттік қызмет көрсету нәтижесі - тұрғын үй  
көмегін тағайындау туралы хабарлама немесе мемлекеттік қызмет көрсетуден  
бас тарту туралы дәлелді жауап болып табылады.

9. Тұрғын үй көмегін алушылар құнтізбелік он бес күн мерзімде уәкілетті  
органды тұрғын үй көмегін алу құқығына немесе оның мөлшеріне әсер ететін  
мән-жайлар туралы хабардар етеді.

Отініш беруші тұрғын үй көмегін алу құқығына немесе мөлшеріне әсер ететін  
мән-жайлар туралы уақытылы хабарламаған жағдайда, қайта есептеу келесі  
тоқсанда жүргізіледі (анықталған уақыттан).

Артық төленген сомалар ерікті тұрде, ал бас тартылған жағдайда сот  
тәртібімен қайтаратылуы тиіс.

10. Тұрғын үй көмегін алуға үміткер отбасының (азаматтың) жиынтық  
табысын есептеу тәртібі "Тұрғын үй көмегін алуға, сондай-ақ мемлекеттік  
тұрғын үй қорынан тұрғын үйді немесе жеке тұрғын үй қорынан жергілікті  
атқарушы орган жалдаған тұрғын үйді алуға үміткер отбасының (азаматтың)  
жиынтық табысын есептеу қағидасын бекіту туралы" 2011 жылғы 5  
желтоқсандағы № 471 Қазақстан Республикасы Құрылыш және тұрғын  
үй-коммуналдық шаруашылық істері агенттігі Төрағасының бүйрүғы негізінде  
есептеледі.

11. Өтемәқы төлемдерімен қамтамасыз етілетін тұрғын үйлер аумағының нормалары заңнамамен белгіленген отбасының әр мүшесіне тұрғын үй беру н о р м а л а р ы н а б а л а м а л ы .

12. Коммуналдық қызметті тұтыну нормалары табиғи монополияларды (монополистік қызметті) реттеу бойынша аумақтық уәкілдегі орган қолданатын, олармен көрсетілетін қызметтерге тарифтерді (бағаларды) белгілеген кездегі коммуналдық қызметтерді босату нормаларына баламалы.

13. Коммуналдық қызметтерді тұтыну төлемінің нормалары мен тарифтерін қызмет көрсету мекемелері ұсынады.

14. Тұрғын үй көмегін тағайындағанда келесі нормалар ескеріледі:

1) газ тұтыну – пешпен жылытатын тұрғын үйде тұратын отбасыларына - айна отбасына 10 килограмм (1 кішкене баллон), көппәтерлі бар қажетпен жабдықталған үйлерде тұратын отбасыларынва орталықтандырылған газбен жабдықтау болған жағдайда, нақты шығындар бойынша, айна 1 адамға 8,2 килограмм, 2 және одан да көп адамы бар отбасыларға 10 килограммнан аспайтындей, есептеу құралдары болған жағдайда көрсеткіштері бойынша, бірақ қолданыстағы нормалардан жоғары емес;

2) электр энергиясын тұтыну: 1 адамға - бір айға 70 киловатт, 2 адамға – 140 киловатт, 3 адамға – 150 киловатт, 4 және одан көп адамы бар отбасы үшін – бір айға 1 8 0 киловатт;

3) сумен қамтамасыз ету нормасы - әр отбасы мүшесіне, есептеу құралдары болған жағдайда - көрсеткіштері бойынша, бірақ қолданыстағы нормалардан аспауы көрек;

4) қатты отынды тұтынушылар үшін: пешпен жылытатын тұрғын үйлерге жылыту маусымына – төрт тонна көмір, бар қажетпен жабдықталған пәтерлерді жылыту үшін электр қуатын қолданатындарға төрт тонна көмірдің құны;

5) қатты тұрмыстық қалдықтарды шығару – ай сайын әр отбасы мүшесіне;

6) тұрғын үйді (тұрғын ғимаратты) күтіп-ұсташа арналған нысаналы жарнаның мөлшері туралы шоты.

15. Қатты отынның құнын есептегендеге аймақта өткен тоқсанда қалыптасқан орташа баға ескеріледі.

### 3. Қаржыландыру және төлеу

16. Тұрғын үй көмегін төлеуді қаржыландыру аудан бюджетімен тиісті қаржылық жылға қарастырылған қаражат шегінде жүзеге асырылады.

17. Аз қамтылған отбасыларға (азаматтарға) тұрғын үй көмегін төлеуді уәкілдегі орган екінші деңгейлі банктер арқылы жүзеге асырады.

#### **4. Қорытынды**

18. Осы тұрғын үй көмегін көрсетудің мөлшері және тәртібімен реттелмеген қатынастар Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес реттеледі.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК